



**Әдістемелік отырыстарының жоспары  
2024-2025 оқу жылы**

№	Әдістемелік отырыстарының күн тәртібі	Жауаптылар	Мерзімі
1	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. «Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы» (27.07.2007, №319-III) (13.01.2013)</li> <li>2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартымен таныстыру (Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидалары 19.06.2020, №254)</li> <li>3. Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары (17.05.2013, № 499) (18.05.2020, №207 өзгертулермен)</li> <li>4. Әртүрлі мәселелер</li> </ol>	<p>Меңгерушінің м.а: Турганбаева Ж.Б әдіскер: Даржанова Г.С</p>	29.08.2024
2	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Алдыңғы әдістемелік отырысында қабылданған шешімдердің орындалуы</li> <li>2. «Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу» (05.05.2020, №182 өзгертулермен)</li> <li>3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (12.05.2020, №195)</li> <li>4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (24.09.2020, №412)</li> <li>5. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын іске асыруда өтпелі тақырыптарды қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар»</li> <li>6. «Мектепке дейінгі ұйымдарда перспективалық жоспар мен циклограмманы құрастыруға әдістемелік ұсынымдар»</li> <li>7. «Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг ұйымдастыру мен жүргізудің әдістемелік ұсынымдары»</li> <li>8. Әртүрлі мәселелер</li> </ol>	<p>Меңгерушінің м.а: Турганбаева Ж.Б әдіскер: Даржанова Г.С</p> <p>Тәрбиешілер</p>	03.09.2024
3	<ol style="list-style-type: none"> <li>1.</li> <li>2. Алдыңғы әдістемелік отырысында қабылданған шешімдердің орындалуы</li> <li>3. «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында және мектепалды даярлық сыныптарында 2024-2025 оқу жылында тәрбиелеу – білім беру процесін</li> </ol>	<p>Меңгерушінің м.а: Турганбаева Ж.Б әдіскер: Даржанова Г.С</p>	13.09.2024

	<ol style="list-style-type: none"> <li>4. Топтардың құжаттарын қарастыру</li> <li>5. Педагогтарды педагогикалық әдептің негізгі қағидағтарымен және негізгі нормаларымен таныстыру</li> <li>6. Әртүрлі мәселелер</li> </ol>		
4	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Алдыңғы әдістемелік отырысында қабылданған шешімдердің орындалуы</li> <li>2. «Балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» (05.07.2020, ДСМ №78/2020 бұйрығы)</li> <li>3. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 14 мамырдағы №202 бұйрығы</li> <li>4. Баяндама: «Педагогикалық әдеп дегеніміз не?»</li> <li>1. Әртүрлі мәселелер</li> </ol>	<p>Менгерушінің м.а: Турганбаева Ж.Б. әдіскер: Даржанова Г.С</p>	22.09.2024
5	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Алдыңғы әдістемелік отырысында қабылданған шешімдердің орындалуы</li> <li>2. «Қазақстан Республикасының еңбек кодексі»</li> <li>3. Мектепке дейінгі ұйымдарда ата-аналармен жұмыс формалары мен заманауи модельдері</li> <li>4. Мектепке дейінгі ұйымдардағы тамақтануды ұйымдастыру және қадағалау</li> <li>5. «Балабақшада балаларды тіршілік әрекетінің негіздеріне баулу» (кеңес)</li> <li>6. Бақылау қорытындысы (қыркүйек айы бойынша)</li> <li>7. Әртүрлі мәселелер</li> </ol>	<p>Менгерушінің м.а: Турганбаева Ж.Б. әдіскер: Даржанова Г.С</p> <p>Тәрбиеші: Жансеева Г.И</p>	04.10.2024

	<ol style="list-style-type: none"> <li>«Халық ауыз әдебиеті – мектеп жасына дейінгі балаларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің негіздері» әдістемелік ұсынымдар</li> <li>«Адамгершілік-рухани тәрбие – адамзаттың басты құндылығы» (баяндама)</li> <li>«Мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілік құндылықтар арқылы ұлттық патриотизмге баулу» (кеңес)</li> <li>Топтардың құжаттарын қарастыру</li> <li>«Ustaz» платформасы толтыру бойынша түсіндіру</li> <li>Әртүрлі мәселелер</li> </ol>	<p>әдіскер: Даржанова Г.С</p> <p>Медбике: Алинова М.К</p>	
7	<ol style="list-style-type: none"> <li>Алдыңғы әдістемелік отырысында қабылданған шешімдердің орындалуы</li> <li>«Сыбайлас жемқорлықпен күресу – Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі»</li> <li>«Мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивтік білім беру» әдістемелік ұсынымдар</li> <li>«Мектеп жасына дейінгі баланың креативті тұлғасын қалыптастыруда дидактикалық ойындардың маңызы» (кеңес)</li> <li>«Балабақша мен мектеп жұмысындағы сабақтастықтың модулі» (кеңес)</li> <li>Әртүрлі мәселелер</li> </ol>	<p>Меңгерушінің м.а: Турганбаева Ж.Б әдіскер: Даржанова Г.С</p> <p>Тәрбиеші: Есбосынова А.С</p> <p>Психолог: Турганбаева Ж.Б</p>	25.10.2024
8	<ol style="list-style-type: none"> <li>Алдыңғы әдістемелік отырысында қабылданған шешімдердің орындалуы</li> <li>«Қазақстан Республикасындағы балалар құқығы», «Балалар құқығы туралы конвенция»</li> <li>«Мектеп жасына дейінгі балалардың түрлі іс-әрекетінде белсенді сөздік қорын жетілдіру» (кеңес)</li> <li>Педагогтардың өз білімін жетілдіру бойынша жұмыстарын талдау</li> <li>Бақылау қорытындысы (қазан айы бойынша)</li> <li>Әртүрлі мәселелер</li> </ol>	<p>Меңгерушінің м.а: Турганбаева Ж.Б әдіскер: Даржанова Г.С</p> <p>Тәрбиеші: Рахова Г.Н</p>	08.11.2024
9	<ol style="list-style-type: none"> <li>Алдыңғы әдістемелік отырысында қабылданған шешімдердің орындалуы</li> <li>ҚР «Ойыншықтар қауіпсіздігі туралы» Заңы (21.07.2007, №306)</li> <li>«Ұрпақ тәрбиесі ұлттық рухты қалыптастырады» (кеңес)</li> <li>«Баланы балабақшаға дұрыс бейімдеу жолдары» (кеңес)</li> <li>Педагогтардың жинақ папкаларын тексеру</li> </ol>	<p>Меңгерушінің м.а: Турганбаева Ж.Б әдіскер: Даржанова Г.С</p> <p>Психолог: Турганбаева Ж.Б</p>	22.11.2024

10	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Алдыңғы әдістемелік отырысында қабылданған шешімдердің орындалуы</li> <li>2. «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының жұмыстарына заманауи білім беру бағдарламалары мен технологияларын енгізу»</li> <li>3. «Мектепке дейінгі жастағы баланың құқықтық санасын қалыптастыру» (кеңес)</li> <li>4. «Баланың тіл мәдениетін отбасымен бірге қалыптастыру» (кеңес)</li> <li>5. Бақылау қорытындысы (қараша айы бойынша)</li> <li>6. Әртүрлі мәселелер</li> </ol>	<p>Менгерушінің м.а: Турганбаева Ж.Б әдіскер: Даржанова Г.С Психолог: Турганбаева Ж.Б.</p>	06.12.2024
11	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Алдыңғы әдістемелік отырысында қабылданған шешімдердің орындалуы</li> <li>2. «Мектепке дейінгі ұйымдардың ғимараттары және жер телімдерін безендіруге қойылатын талаптар»</li> <li>3. «Балабақшада музыкалық аспаптарды қалай қолданамыз?» (кеңес)</li> <li>4. «Балаларды мектепке бейімдеу жолдары»</li> <li>1. Әртүрлі мәселелер</li> </ol>	<p>Менгерушінің м.а: Турганбаева Ж.Б әдіскер: Даржанова Г.С</p> <p>Тәрбиеші: Нұрымова А.С</p>	27.12.2024
12	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Алдыңғы әдістемелік отырысында қабылданған шешімдердің орындалуы</li> <li>2. «Балаларды ерте жастан дамытуға тәрбиелеу-оқыту процесін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар»</li> <li>3. «Баланың шығармашылық қабілетін дамытуда театралдық әрекеттің маңыздылығы» (кеңес)</li> <li>4. «Қиын баламен жұмыс»</li> <li>5. «Ustaz» платформасы толтыру бойынша талдау</li> <li>6. Бақылау қорытындысы (желтоқсан айы бойынша)</li> <li>7. Әртүрлі мәселелер</li> </ol>	<p>Менгерушінің м.а: Турганбаева Ж.Б әдіскер: Даржанова Г.С Психолог: Турганбаева Ж.Б</p>	17.01.2025
13	<p>Зере» балабақшасы» менгерушісінің м.а әдіскер Ермухамедова А.Ж циклограммалар папкасы тексеруге жинақталғанын айтып, келесі ескертулерге тоқталды:</p> <p>«1. «Айгөлек» ересек тобы мен «Еркеназ» ортаңғы тобының папкалары уақытылы тапсырылған жоқ.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. «Құлышшақ» ортаңғы тобының тәрбиешісі Нұрымова А.С жазған циклограммаларын тексеру барысында үнемі қайталана беретін</li> </ol>	<p>Менгерушінің м.а: Турганбаева Ж.Б әдіскер: Даржанова Г.С</p>	31.01.2025

	<p>уақытынан және жаттығулар кешенінің нөмірінен үнемі қателер кетеді. Қанша ескертіліп, көрсетілгенмен қателер қайталанып отырады.</p> <p>1.2. Ұйымдастырылған оқу қызметтері кесте бойынша сәйкес келмейді.</p> <p>1.3. Ұйымдастырылған оқу қызметтерінің тақырыптары перспективалық жоспарға сәйкес келмейді</p> <p>1.4. Вариативтік компонент ретінде басқа бағдарлама («Көңілді саусақтар») көрсетіліп тұрады.</p> <p>1.5. Ұйымдастырылған оқу қызметтерінің атаулары дұрыс жазылмайды</p> <p>5. Серуен толық жазылмайды</p>		
14	<p>1. Алдыңғы әдістемелік отырысында қабылданған шешімдердің орындалуы</p> <p>2. «Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар»</p> <p>3. «Рухани жаңғыру – жарқын болашақ, кемел келешек» (баяндама)</p> <p>4. «Ызақор балалар мен олардың ата-аналарына көмек» (кеңес)</p> <p>5. Бақылау қорытындысы (қаңтар айы бойынша)</p> <p>8. Әртүрлі мәселелер</p>	<p>Менгерушінің м.а: Турганбаева Ж.Б әдіскер: Даржанова Г.С</p> <p>Психолог: Турганбаева Ж.Б</p>	07.02.2025
15	<p>1. Алдыңғы әдістемелік отырысында қабылданған шешімдердің орындалуы</p> <p>2. «Мектепке дейінгі ұйымдарда театрландырылған әрекетті ұйымдастыруға әдістемелік ұсынымдар»</p> <p>3. «Дәстүрден тыс әдістер арқылы баланың қиялы мен шығармашылық қабілеттерін арттыру» (кеңес)</p> <p>4. Кеңес: «Бала құқығы баршамызға ортақ»</p> <p>5. Педагогтардың жинақ папкаларын тексеру</p> <p>6. Әртүрлі мәселелер</p>	<p>Менгерушінің м.а: Турганбаева Ж.Б әдіскер: Даржанова Г.С</p> <p>Тәрбиеші: Сақтанбергенова Ә.А</p> <p>Психолог: Турганбаева Ж.Б</p>	14.02.2025
16	<p>1. Алдыңғы әдістемелік отырысында қабылданған шешімдердің орындалуы</p> <p>2. «Мектепке дейінгі ұйымдарда театрландырылған әрекетті ұйымдастыруға әдістемелік ұсынымдар»</p> <p>3. «Театрландырылған қызмет арқылы балалардың шығармашылық және коммуникативтік қабілеттерін дамыту» (кеңес)</p>	<p>Менгерушінің м.а: Турганбаева Ж.Б әдіскер: Даржанова Г.С</p> <p>Дуйсебаева К.С</p> <p>Психолог: Турганбаева Ж.Б</p>	21.02.2025

	Әртүрлі мәселелер		
17	1. Мектепке дейінгі ұйымдарда көрсетілетін мемлекеттік қызметтер 2. Әртүрлі мәселелер	Менгерушінің м.а: Турганбаева Ж.Б әдіскер: Даржанова Г.С	28.02.2025
18	1. Алдыңғы әдістемелік отырысында қабылданған шешімдердің орындалуы 2. «Мәңгілік ел» мектеп жасына дейінгі балаларды рухани-адамгершілік тәрбиелеу бойынша ұлттық идея мән мәтініне әдістемелік ұсынымдар 3. «Сыбайлас жемқорлық – әлеуметтік бәле» 4. «Халық тәлімі – тәрбие бастауы» (баяндама) 5. Бақылау қорытындысы (ақпан айы бойынша) 6. Әртүрлі мәселелер	Менгерушінің м.а: Турганбаева Ж.Б әдіскер: Даржанова Г.С Тәрбиеші: Нурымова А.С Тәрбиеші: Казбекова А	14.03.2025
19	1. 1 Кенкияқ ауылдық округ әкімдігінен мекемелерге ағаш үй тігу, бұйрығымен таныстыра отырып, білім беру ұйымдарында «Наурыз» мерекесіне ұйымдастырумен таныстыру 2. Әртүрлі мәселелер	Менгерушінің м.а: Турганбаева Ж.Б әдіскер: Даржанова Г.С	20.03.2025
20	1. Алдыңғы әдістемелік отырысында қабылданған шешімдердің орындалуы 2. «Дидактикалық ойындар арқылы балалардың ой-өрісін және тілін дамыту» (кеңес). 3. «Сыбайлас жемқорлыққа менің көзқарасым» (эссе сайысы туралы) 4. Бақылау қорытындысы (наурыз айы бойынша) 5. Педагогтардың жинақ папкаларын тексеру, «Ustaz» платформасын толтыру бойынша талдау 6. Әртүрлі мәселелер	Менгерушінің м.а: Турганбаева Ж.Б әдіскер: Даржанова Г.С Тәрбиеші: Нурымова А.С	18.04.2025
21	1. Педагогтардың жинақ папкаларын тексеру, «Ustaz» платформасы педагогтардың портфолиоларын толтыру бойынша талдау 2. Әртүрлі мәселелер	Менгерушінің м.а: Турганбаева Ж.Б әдіскер: Даржанова Г.С Тәрбиеші: Еламан А	25.04.2025
22	3. Алдыңғы әдістемелік отырысында қабылданған шешімдердің орындалуы 4. «Балалар жаракытының алдын алу бойынша әдістемелік ұсынымдар» 5. «Балаларға жолда жүру ережелерін түсіндіру» (кеңес)	Менгерушінің м.а: Турганбаева Ж.Б әдіскер: Даржанова Г.С Психолог:	30.04.2025

	«Ustaz» платформасындағы педагогтардың портфолиоларын толтыру бойынша талдау 7. Әртүрлі мәселелер	Даржанова Г.С	
23	1. Алдыңғы әдістемелік отырысында қабылданған шешімдердің орындалуы 2. Бақылау қорытындысы (сәуір айы бойынша) 3. Ұлттық тестілеу орталығына өтініш беру туралы 4. Әртүрлі мәселелер	Менгерушінің м.а: Турганбаева Ж.Б әдіскер: Даржанова Г.С Психолог: Турганбаева Ж.Б Тәрбиеші: Кожаяева У.С	09.05.2025

**«Зере» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК  
2024-2025 оқу жылының әдістемелік отырысы  
Хаттама №1**

Өткізілген күні: 29.08.2024 ж.

Қатысты: 13

Қатыспағаны: жоқ

**Күн тәртібінде:**

1. «Қазақстан Республикасының Конституциясы» (дәріс)
2. «Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы» (27.07.2007, №319-III) (13.01.2013)
3. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартымен таныстыру (Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидалары 19.06.2020, №254)
4. Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары (17.05.2013, № 499) (18.05.2020, №207 өзгертулермен)
5. Әртүрлі мәселелер

«Зере» балабақшасы» МКҚК-ның меңгерушісі Салықова А.К. 2024-2025 оқу жылының I-әдістемелік отырысын ашып, күн тәртібімен таныстырды. Педагогтармен бірге Қазақстан Республикасының Конституциясын қарастырып, талқылады, педагогтардың сұрақтарына жауап берді.

Меңгеруші м.а, әдіскер Ермухамедова А.Ж. педагогикалық ұжыммен «Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы»-н қарастырып, талқылады, енгізілген өзгерістерге назар аударды, педагогтардың сұрақтарына жауап берді.

Меңгеруші м.а, әдіскер Ермухамедова А.Ж. педагогтармен мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын талдай отырып, «Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидалары»-на 2020 жылғы 19 маусымда ҚР БҒМ-нің №254 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен таныстырды. Мемлекеттік қызметтер сапасын жақсарту бойынша іс-шаралар жоспары туралы айтты.

Меңгеруші м.а, әдіскер Ермухамедова А.Ж. педагогикалық ұжыммен бірге «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» -н талқылады. ҚР БҒМ-нің 2020 жылғы 18 мамырдағы №207 бұйрығымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен таныстырды. Мектепке дейінгі ұйымдардың негізгі міндеттеріне, мектепке дейінгі ұйым қызметінің тәртібіне тоқталды. Педагогтардың сұрақтарына жауап берді.

Топтардың барлық құжаттарын толықтыруда туындаған педагогтардың сұрақтары талқыланып, нұсқаулар берілді.

Жұмыс барысында туындаған әртүрлі мәселелер қаралып, талқыланды.

### Шешім:

1. Жұмыс барысында «Қазақстан Республикасының Конституциясы» басшылыққа алынсын
2. Жұмыс барысында «Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы» талаптары басшылыққа алынсын
3. Мемлекеттік қызметтер сапасын жақсарту бойынша жасалған іс-шаралар жоспары уақытылы орындалсын
4. «Зере» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК-ның қызметі «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» бойынша жүргізілсін
5. Топтардың құжаттары толық жасалып, толтырылсын
6. Жұмыс барысында туындаған барлық мәселелер уақытылы шешілсін

Отырыс төрағасы:

Хатшы:



Ермухамедова А.Ж

Турганбаева Ж.Б

**«Зере» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК**  
**2024-2025 оқу жылының әдістемелік отырысы**  
**Хаттама №2**

Өткізілген күні: 03.09.2024 ж.

Қатысты: 13

Қатыспағаны: жоқ

**Күн тәртібінде:**

1. Алдыңғы әдістемелік отырысында қабылданған шешімдердің орындалуы
2. «Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу» (05.05.2020, №182 өзгертулермен)
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (12.05.2020, №195)
4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (24.09.2020, №412)
5. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын іске асыруда өтпелі тақырыптарды қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар»
6. «Мектепке дейінгі ұйымдарда перспективалық жоспар мен циклограмманы құрастыруға әдістемелік ұсынымдар»
7. «Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг ұйымдастыру мен жүргізудің әдістемелік ұсынымдары»
8. Өртүрлі мәселелер

«Зере» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК-ның меңгерушісі м.а. әдіскер Ермухамедова А.Ж. 2024 жылғы 29 тамызда өткізілген әдістемелік отырысында қабылданған шешімдердің орындалуы бойынша қорытындылады.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» -на Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 5 мамырдағы №182 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен таныстырып, педагогтар арасында талқыланды.

Педагогтар арасында «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» - на Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығымен енгізілген өзгерістер талқыланып, қарастырылды.

Педагогтар арасында «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» - на Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 қыркүйектегі №412 бұйрығымен енгізілген өзгерістер талқыланып, бағдарламаның барлық бөлімдері қарастырылды.

меңгерушісі м.а. әдіскер Ермухамедова А.Ж. педагогтарды «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын іске асыруда өтпелі тақырыптарды қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар» - мен таныстыра отырып, осы оқу жылына алынған өтпелі тақырыптарға тоқталды. Өр өтпелі тақырып толық талқыланды.

«Мектепке дейінгі ұйымдарда перспективалық жоспар мен циклограмманы

педагогтер перспективалық жоспар мен циклограмманы білім берудің жаңашыл мазмұны бойынша құру үлгілерін түсіндіріп, қаралды. Топтардың перспективалық жоспарларын жаңа мазмұн бойынша құру тапсырылды. Және бірте –бірте циклограмманы да жаңа мазмұн бойынша құруды үйрену қажеттігі айтылды.

Менгерушісі м.а, әдіскер Ермухамедова А.Ж. педагогтарды «Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг ұйымдастыру мен жүргізудің әдістемелік ұсынымдары» - мен таныстыра отырып, енгізілген өзгерістерге тоқталды. Әр топ бойынша бағалау критерийлері қаралды. Жеке даму карталары қарастырылды.

Жұмыс барысында туындайтын әртүрлі мәселелер қаралды.

### Шешім:

1. 2024 жылғы 29 тамызда өткізілген әдістемелік отырысында қабылданған шешімдер «орындалды» деп қорытындылансын
2. Педагогтар тарапынан «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» -на Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 5 мамырдағы №182 бұйрығымен енгізілген өзгерістер толық менгеріліп, қолданылсын
3. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» - на Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығымен енгізілген өзгерістер менгеріліп, қолданылсын
4. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» - на Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 қыркүйектегі №412 бұйрығымен енгізілген өзгерістер менгеріліп, қолданылсын
5. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын іске асыруда өтпелі тақырыптарды қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар» толық менгеріліп, жұмыс барысында қолданылсын
6. «Мектепке дейінгі ұйымдарда перспективалық жоспар мен циклограмманы құрастыруға әдістемелік ұсынымдар» толық менгеріліп, жұмыс барысында қолданылсын
7. Топтардың перспективалық жоспарларын жаңа мазмұн бойынша құрылсын
8. «Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг ұйымдастыру мен жүргізудің әдістемелік ұсынымдары» менгеріліп, жұмыс барысында қолданылсын
9. Жұмыс барысында туындаған барлық мәселелер уақытылы шешілсін

Отырыс төрағасы:

Хатшы:



Ермухамедова А.Ж

Турганбаева Ж.Б

**«Зере» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК  
2024-2025 оқу жылының әдістемелік отырысы  
Хаттама №3**

Өткізілген күні: 13.09. 2024 ж.

Қатысты: 13

Қатыспағаны: жоқ

**Күн тәртібінде:**

1. Алдыңғы әдістемелік отырысында қабылданған шешімдердің орындалуы
2. «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында және мектепалды даярлық сыныптарында 2024-2025 оқу жылында тәрбиелеу – білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат»
3. Топтардың құжаттарын қарастыру
4. Педагогтарды педагогикалық әдептің негізгі қағидаттарымен және негізгі нормаларымен таныстыру
5. Әртүрлі мәселелер

«Зере» балабақшасы» МКҚК-ның меңгерушісінің м.а. әдіскер Ермухамедова А.Ж. 2024 жылғы 13 қыркүйекте өткізілген әдістемелік отырысында педагогтермен бірге «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында және мектепалды даярлық сыныптарында 2021-2022 оқу жылында тәрбиелеу – білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат» -ты қарастырып, толық талқылады. Оқу процесін ұйымдастыру ерекшеліктері қарастырылды.

Топтардың барлық құжаттарын толықтыруда туындаған педагогтердің сұрақтары талқыланып, нұсқаулар берілді.

меңгерушісінің м.а. әдіскер Ермухамедова А.Ж. балабақшамызда осы оқу жылында да Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес жұмысын жалғастыратынын айтып, педагогтермен бірге педагогикалық әдептің негізгі қағидаттары мен негізгі нормаларын талқылады.

Жұмыс барысында туындаған әртүрлі мәселелер талқыланды.

**Шешім:**

1. 2024 жылғы 13 қыркүйекте өткізілген әдістемелік отырысында қабылданған шешімдер «орындалды» деп қорытындылансын
6. Балаларды оқыту- тәрбиелеу үдерісі «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында және мектепалды даярлық сыныптарында 2024-2025 оқу жылында тәрбиелеу – білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат» бойынша ұйымдастырылсын
2. Топтардың құжаттары талаптарға сай жүргізілсін
3. Педагогикалық әдептің негізгі қағидаттары мен негізгі нормалары сақталсын
4. Жұмыс барысында туындаған барлық мәселелер уақытылы шешілсін



Педагогтармен бірге құжатты толық талдап, аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарына енгізілген өзгерістерді қарастырды.

менгерушісінің м.а.әдіскер Ермухамедова А.Ж. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесінің жұмысы туралы айтып, тәрбиеші Хамза А.Ө «Педагогикалық әдеп дегеніміз не?» тақырыбында баяндама оқыды. Тақырып бойынша педагогтардың пікірлері талқыланды.

Жұмыс барысында туындаған әртүрлі мәселелер талқыланды.

### Шешім:

1. 2024 жылғы 13 қыркүйекте өткізілген әдістемелік отырысында қабылданған шешімдер «орындалды» деп қорытындылансын.
2. «Балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» толық сақталсын.
3. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 14 мамырдағы №202 бұйрығы толық меңгеріліп, қолданылсын.
4. Педагогикалық әдептің нормалары қатаң сақтанылсын.
5. Жұмыс барысында туындаған барлық мәселелер уақытылы шешілсін.

Отырыс төрағасы:

Хатшы:



Ермухамедова А.Ж.

Турганбаева Ж.Б.

**«Зере» балабақшасы» МКҚК  
2024-2025 оқу жылының әдістемелік отырысы  
Хаттама №5**

Өткізілген күні: 04.10. 2024 ж.

Қатысты: 20

Қатыспағаны: 7

**Күн тәртібінде:**

1. Алдыңғы әдістемелік отырысында қабылданған шешімдердің орындалуы
2. «Қазақстан Республикасының еңбек кодексі»
3. Мектепке дейінгі ұйымдарда ата-аналармен жұмыс формалары мен заманауи модельдері
4. Мектепке дейінгі ұйымдардағы тамақтануды ұйымдастыру және қадағалау
5. «Балабақшада балаларды тіршілік әрекетінің негіздеріне баулу» (кеңес)
6. Бақылау қорытындысы (қыркүйек айы бойынша)
7. Әртүрлі мәселелер

«Зере» балабақшасы» МКҚК-ның меңгерушісінің м.а.әдіскер Ермухамедова А.Ж. 2024 жылғы 22 қыркүйекте өткізілген әдістемелік отырысында қабылданған шешімдердің орындалуы туралы айтып, қорытындылады.

«Мектепке дейінгі ұйымдарда ата-аналармен жұмыс формалары мен заманауи модельдері» атты әдістемелік ұсынымын педагогтермен талқылады. Педагогтерге қажетті мағлұматтар берілді.

Медбике Алинова М.К «Мектепке дейінгі ұйымдардағы тамақтануды ұйымдастыру және қадағалау» тақырыбында кеңестер берді, педагогтердің сұрақтарына жауап берді.

Тәрбиеші Еламан Ә. «Балабақшада балаларды тіршілік әрекетінің негіздеріне баулу» тақырыбында кеңес оқыды. Тақырып бойынша педагогтердің пікірлері талқыланды.

м.а.әдіскер Ермухамедова А.Ж. қыркүйек айында жүргізілген бақылаулар қорытындысымен таныстырып, жасалған ескертулер мен нұсқауларға тоқталды.

м.а.әдіскер Ермухамедова А.Ж. өткен әдістемелік отырысында барлық педагогтерге жеке мәселе бойынша жұмыс жоспарын мен бағдарламаларын дайындап әкелу тапсырылғанын айтып педагогтерге сөз берді. Педагогтер жеке мәселе бойынша жұмыс папқаларын көрсетіп таныстырды. Жұмыс барысында туындаған әртүрлі мәселелер талқыланды.

**Шешім:**

1. 2024 жылғы 22 қыркүйекте өткізілген әдістемелік отырысында қабылданған шешімдер «орындалды» деп қорытындылансын
2. «Қазақстан Республикасының еңбек кодексі» талаптары жұмыс барысында орындалсын

3. «Мектепке дейінгі ұйымдарда ата-аналармен жұмыс формалары мен заманауи модельдері» жұмыс барысында қолданылсын
4. «Мектепке дейінгі ұйымдардағы тамақтануды ұйымдастыру және қадағалау» жұмыс барысында қолданылсын
5. Педагогтардың өз білімдерін жетілдіру бойынша жұмыстар әрдайым жүргізілсін
6. Қыркүйек айында жүргізілген бақылаулар негізінде жасалған ескертулер түзетілсін.
7. Жұмыс барысында туындаған барлық мәселелер уақытылы шешілсін

Отырыс төрағасы:

Хатшы:



Ермухамедова А.Ж

Турганбаева Ж.Б

**«Зере» бөбекжай-балабақшасы» МККК  
2024-2025 оқу жылының әдістемелік отырысы  
Хаттама №6**

Өткізілген күні: 11.10. 2024 ж.

Қатысты: 20

Қатыспағаны: жоқ

**Күн тәртібінде:**

1. Алдыңғы әдістемелік отырысында қабылданған шешімдердің орындалуы
2. «Халық ауыз әдебиеті – мектеп жасына дейінгі балаларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің негіздері» әдістемелік ұсынымдар
3. «Адамгершілік-рухани тәрбие – адамзаттың басты құндылығы» (баяндама)
4. «Мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілік құндылықтар арқылы ұлттық патриотизмге баулу» (кеңес)
5. Топтардың құжаттарын қарастыру
6. «Ustaz» платформасы толтыру бойынша түсіндіру
7. Әртүрлі мәселелер

«Зере» балабақшасы» МККК-ның меңгерушісінің м.а әдіскер Ермухамедова А.Ж 4 қазанда өткізілген әдістемелік отырысында қабылданған шешімдердің орындалуы туралы айтып, қорытындылады.

Ермухамедова А.Ж «Халық ауыз әдебиеті – мектеп жасына дейінгі балаларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің негіздері» әдістемелік ұсынымдарын педагогтермен бірге талқылап, педагогтарға қажетті мағлұматтар берді.

Тәрбиеші Казбекова А.А «Адамгершілік-рухани тәрбие – адамзаттың басты құндылығы» тақырыбында баяндама оқыды. Тақырып бойынша педагогтардың пікірлері талқыланды.

Тәрбиеші Сәрсен И.С «Мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілік құндылықтар арқылы ұлттық патриотизмге баулу» тақырыбында кеңес оқыды. Тақырып бойынша педагогтардың пікірлері талқыланды

меңгерушінің м.а, әдіскер Ермухамедова А.Ж топтардың құжаттарының жүргізілуі туралы айтып, жасалған ескертулерге тоқталды және нұсқаулар берді.

педагогтердің «Ustaz» платформасын толтыру бойынша түсіндірді. Педагогтармен бірге талқылады.

меңгерушінің м.а, әдіскер Ермухамедова А.Ж 2024 жылғы 10 қазан күні топтардың құжаттары тексерілгенін айтты.

Педагогтер тексеру нәтижелерімен таныстырылды.

Жұмыс барысында туындаған әртүрлі мәселелер талқыланды

### Шешім:

1. 2024жылғы 4 қазанда өткізілген әдістемелік отырысында қабылданған шешімдер «орындалды» деп қорытындылансын
2. «Халық ауыз әдебиеті – мектеп жасына дейінгі балаларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің негіздері» әдістемелік ұсынымдар жұмыс барысында қолданылсын
3. Педагогтардың өз білімдерін жетілдіру бойынша жұмыстар әрдайым жүргізілсін
4. Топтардың құжаттарын жүргізу бойынша жасалған ескертулер түзетілсін.
5. «Ustaz» платформасы нұсқаулықтар бойынша дұрыс және уақытылы толтырылсын
6. Топтардың құжаттарын тексеру барысында жасалған ескертулер түзетілсін
7. Жұмыс барысында туындаған барлық мәселелер уақытылы шешілсін.

Отырыс төрағасы:

Хатшы:



Ермухамедова А.Ж

Турганбаева Ж.Б

**«Зере» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК  
2024-2025 оқу жылының әдістемелік отырысы  
Хаттама №7**

Өткізілген күні: 25.10. 2024 ж.

Қатысты: 20

Қатыспағаны: жоқ

**Күн тәртібінде:**

1. Алдыңғы әдістемелік отырысында қабылданған шешімдердің орындалуы
2. «Сыбайлас жемқорлықпен күресу– Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі»
3. «Мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивтік білім беру» әдістемелік ұсынымдар
4. «Мектеп жасына дейінгі баланың креативті тұлғасын қалыптастыруда дидактикалық ойындардың маңызы» (кеңес)
5. «Балабақша мен мектеп жұмысындағы сабақтастықтың модулі» (кеңес)
6. Әртүрлі мәселелер

«Зере» балабақшасы» МКҚК-ның меңгерушісінің м.а әдіскер Ермухамедова А.Ж 11 қазанда өткізілген әдістемелік отырысында қабылданған шешімдердің орындалуы бойынша қорытындылады.

Тәрбиеші Даржанова Г.С «Сыбайлас жемқорлықпен күресу–Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі» тақырыбында баяндама оқыды, осы тақырып бойынша педагогтардың пікірлері тыңдалды.

меңгерушісінің м.а әдіскер Ермухамедова А.Ж педагогтермен бірге «Мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивтік білім беру» әдістемелік ұсынымдарды талқылады.

Тәрбиеші Нурымова А.С «Мектеп жасына дейінгі баланың креативті тұлғасын қалыптастыруда дидактикалық ойындардың маңызы» тақырыбында кеңес оқыды. Тақырып бойынша педагогтардың пікірлері талқыланды.

Тәрбиеші Каржаубаева Д.С «Балабақша мен мектеп жұмысындағы сабақтастықтың модулі» тақырыбында кеңес оқыды. Тақырып бойынша педагогтардың пікірлері талқыланды.

Жұмыс барысында туындаған әртүрлі мәселелер талқыланды

**Шешім:**

1. 2024 жылғы 11 қазанда өткізілген әдістемелік отырысында қабылданған шешімдер «орындалды» деп қорытындылансын
2. Жұмыс барысында сыбайлас жемқорлыққа жол берілмесін
3. «Мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивтік білім беру» әдістемелік ұсынымдар» жұмыс барысында қолданылсын.
4. Педагогтардың өз білімдерін жетілдіру бойынша жұмыстар әрдайым жүргізілсін
5. Жұмыс барысында туындаған барлық мәселелер уақытылы шешілсін.

Отырыс төрағасы:



Ермухамедова А.Ж

**«Зере» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК  
2024-2025 оқу жылының әдістемелік отырысы  
Хаттама №8**

Өткізілген күні: 08.11.2024 ж.

Қағысты: 20

Қатыспағаны: жоқ

**Күн тәртібінде:**

1. Алдыңғы әдістемелік отырысында қабылданған шешімдердің орындалуы
2. «Қазақстан Республикасындағы балалар құқығы», «Балалар құқығы туралы конвенция»
3. «Мектеп жасына дейінгі балалардың түрлі іс-әрекетінде белсенді сөздік қорын жетілдіру» (кеңес)
4. Педагогтардың өз білімін жетілдіру бойынша жұмыстарын талдау
5. Бақылау қорытындысы (қазан айы бойынша)
6. Әртүрлі мәселелер

«Зере» балабақшасы» МКҚК-ның меңгерушісінің м.а әдіскер Ермухамедова А.Ж. 2024 жылғы 25 қазанда өткізілген әдістемелік отырысында қабылданған шешімдердің орындалуы туралы айтып, қорытындылады.

Педагогикалық ұжыммен «Қазақстан Республикасындағы балалар құқығы», «Балалар құқығы туралы конвенция» - ны талқылап, педагогтардың сұрақтарына жауап берді.

Тәрбиеші Кожаева У.С. «Мектеп жасына дейінгі балалардың түрлі іс-әрекетінде белсенді сөздік қорын жетілдіру» тақырыбында кеңес оқыды. Тақырып бойынша педагогтардың пікірлері талқыланды.

Меңгерушісінің м.а әдіскер Ермухамедова А.Ж педагогтардың өз білімін жетілдіру бойынша жұмысына тоқталып, талдау жасады. Өз білімін жетілдіру бойынша жинақ напқалары каралды. Қазан айында жүргізілген бақылаулар қорытындысымен таныстырып, жасалған ескертулер мен нұсқауларға тоқталды.

Жұмыс барысында туындаған әртүрлі мәселелерге тоқталып, талқыланды.

**Шешім:**

1. 2024жылғы 25 қазанда өткізілген әдістемелік отырысында қабылданған шешімдер «орындалды» деп қорытындылансын
2. «Қазақстан Республикасындағы балалар құқығы», «Балалар құқығы туралы конвенция» жұмыс барысында қолданылсын.
3. Педагогтардың өз білімдерін жетілдіру бойынша жұмыстар әрдайым жүргізілсін.
4. Қазан айында жүргізілген бақылаулар негізінде жасалған ескертулер түзетілсін.
5. Жұмыс барысында туындаған барлық мәселелер уақытылы шешілсін.

Отырыс төрағасы:  Даржанова Г.С

Хатшы:  Турганбаева Ж.Б

**«Зере» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК  
2024-2025 оқу жылының әдістемелік отырысы  
Хаттама №9**

Өткізілген күні: 22.11. 2024 ж.  
Қатысты: 20

**Күн тәртібінде:**

1. Алдыңғы әдістемелік отырысында қабылданған шешімдердің орындалуы
2. ҚР «Ойыншықтар қауіпсіздігі туралы» Заңы (21.07.2007, №306)
3. «Ұрпақ тәрбиесі ұлттық рухты қалыптастырады» (кеңес)
4. «Баланы балабақшаға дұрыс бейімдеу жолдары» (кеңес)
5. Педагогтардың жинақ папкаларын тексеру
6. Әртүрлі мәселелер

«Зере» балабақшасы» МКҚК-ның меңгерушісінің м.а әдіскер Ермухамедова А.Ж 2024 жылғы 8 қарашада өткізілген әдістемелік отырысында қабылданған шешімдердің орындалуы туралы айтып, қорытындылады.

Педагогикалық ұжыммен 21.07.2007 жылғы №306 Қазақстан Республикасының «Ойыншықтар қауіпсіздігі туралы» Заңын талқылап, педагогтардың сұрақтарына жауап берді.

Тәрбиеші Жанаева Г.И. «Ұрпақ тәрбиесі ұлттық рухты қалыптастырады» тақырыбында кеңес оқыды. Тақырып бойынша педагогтардың пікірлері талқыланды.

Тәрбиеші Түгелбай А.Қ. «Баланы балабақшаға дұрыс бейімдеу жолдары» тақырыбында кеңес оқыды. Тақырып бойынша педагогтардың пікірлері талқыланды.

Меңгерушісінің м.а әдіскер Ермухамедова А.Ж педагогтардың жинақ папкаларын қарап, жинақтау бойынша нұсқаулар берді, ескертулер жасалды.

Жұмыс барысында туындаған әртүрлі мәселелерге тоқталып, талқылады.

**Шешім:**

1. 2024 жылғы 08 қарашада өткізілген әдістемелік отырысында қабылданған шешімдер «орындалды» деп қорытындылансын
2. ҚР «Ойыншықтар қауіпсіздігі туралы» Заңы толық сақталсын
3. Педагогтардың өз білімдерін жетілдіру бойынша жұмыстар әрдайым жүргізілсін
4. Педагогтардың жинақ папкалары толықтырылсын
5. Жұмыс барысында туындаған барлық мәселелер уақтылы шешілсін

Отырыс төрағасы:

Хатшы:



Даржанова Г.С

Турганбаева Ж.Б

**«Зере» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК**  
**2024-2025 оқу жылының әдістемелік отырысы**  
**Хаттама №10**

Өткізілген күні: 06.12.2024 ж.

Қатысты: 20

Қатыспағаны: жоқ

**Күн тәртібінде:**

1. Алдыңғы әдістемелік отырысында қабылданған шешімдердің орындалуы
2. «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының жұмыстарына заманауи білім беру бағдарламалары мен технологияларын енгізу»
3. «Мектепке дейінгі жастағы баланың құқықтық санасын қалыптастыру» (кеңес)
4. «Баланың тіл мәдениетін отбасымен бірге қалыптастыру» (кеңес)
5. Бақылау қорытындысы (қараша айы бойынша)
6. Әртүрлі мәселелер

